



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№37 (841) Сәрсенбі 13 қыркүйек 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев футболдан Қазақстан ұлттық құрамасын Еуро-2024 чемпионатының іріктеу кезеңінде Солтүстік Ирландия командасымен өткен матчтағы жарқын жеңісімен құттықтады.

«Жеңіс құтты болсын! Жақсы ойын болды.

Шеберлік көрсеттіңіздер. Бәрі риза!», – деді Президент.

Өз кезегінде футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының капитаны Асхат Тағыбергелі көрсеткен қолдауы үшін Президентке алғыс айтып, команда атынан доп сыйлады.

АЙМАҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Президент қабылдауында болғанда да, өткен жылдың соңында Үкімет басшысының Сыр өңіріне сапары кезінде де «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізінің Ақтөбе бағытындағы жағдайға тоқталып, жолды екі жолақтан төрт жолақтыға ауыстыру бастамасын қолдауды сұраған еді. Өйткені халықаралық дәліздің осы бағытында жол-көлік оқиғалары, адам өлімі көбейіп барады. Үкімет басшысы мән-жайға қаныққан соң, министр М.Қарабаевқа жоба жасау жөнінде тапсырма берген болатын.

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысында ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің «Ресей Федерациясы – Мәртөк – Ақтөбе – Ұлғайсын – Қызылорда» автожол учаскесін 4 жолақты қозғалысы бар I

техникалық санатқа ауыстырудың жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеу басталғанын хабарлады.

Министрдің айтуынша, осы кезге дейін зерттеу-зерделеу жұмыстары жүргізілген. Жолдың ұзындығы 566 шақырым, шамамен 3 млрд 300 млн долларға жуық қаражат жұмсалды. Премьер-министр жобаны келер жылдың басында бастауға тапсырма берді.

Облыс әкімі Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау жөніндегі мәжілісте бұл жобаның аймақ тұрғындары үшін маңызы зор екенін атап өтті.

«Енді министрлікпен байланыс орнатып, жұмысты бастап кету керек. Бұл – Мемлекет басшысының назарындағы өте ауқымды жоба. Президенттің Үкіметке берген тапсырмасы орындалып, жұмыс алға жылжитын болды. Ең бастысы – жолдың кеңейтілуін халық күтуде. Өйткені адам өмірі – біздің ең басты құндылығымыз», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Еске салсақ, өткен жылы облыс бойынша жолдардың жақсы және қанағаттанарлық деңгейі 82 пайызға жеткізілген. Биыл бұл көрсеткішті 87,5 пайызға жеткізу міндеті қойылған.

«Ел тілегі» ақпарат

НҰРЫМБЕТ САҚТАҒАНОВТЫ ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫШ САЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында әріптестері облыс әкімінің орынбасары болған Нұрымбет Сақтағановты жаңа қызметке құрметпен шығарып салды.

2022 жылдың маусым айынан бері облыс әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарған Сақтағанов Нұрымбет Аманұлы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды.

Аймақ басшысы Нұрымбет Аманұлына өңірдегі экономика, жұмыспен қамту, білім және денсаулық сақтау, сонғы уақытта құрылыс, автомобиль жолдары, бақылау салаларына жетекшілік жасап, жаңа жобалардың жүзеге асуына үлес қосқаны үшін алғыс білдірді.

– Нұрымбет Аманұлының аймақ жұрты жақсы біледі. Ол мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өтті және қай қызметте де өзін білікті басып, мықты ұйымдастырушы, жанашыр азамат ретінде танытты. Өздеріңізге белгілі, өткен жылдың қорытындысымен аймағымызда макроэкономикалық көрсеткіштердің жоғары өсімі қалыптасып, өңірлер арасында алдыңғы қатарға тұрақтадық. Былтыр облыс бюджеті 387,3 млрд теңге көлемінде бекітілсе, жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижесінде аймақ қазынасы 441,2



млрд. теңгеге жетіп, облысымызға бөлінетін субвенция көлемі 2 есе артты.

Биылғы облыс бюджеті 536,9 млрд. теңге көлемінде бекітілсе, 8 айдың қорытындысымен 67,2 млрд. теңгеге ұлғайып, 604,1 млрд. теңгені құрады. Ауқымды жұмыстар мен жүйелі жобаларды үйлестіруде, әріптестерімен бірге республикадан қаржы тартуда Нұрымбет Аманұлының елеулі еңбегі бар екенін атап өтуіміз қажет, – деді Нұрымбет

Машбекұлы.

Нұрымбет Аманұлына Сыр жұртының атынан Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Актив отырысында мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов Н.Сақтағановты құттықтап, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында орындаушылық тәртіп мәселесі қаралды. Жиында Мемлекет басшысы, Премьер-министр және аймақ басшысы берген тапсырмаларды орындау деңгейі төмен басшыларға тәртіптік шара қолданылды.

Мәжілісте облыс әкімінің аппарат басшысы Шахмардан Байманов баяндама жасап, өткен жылдан бері облыс әкімінің хаттамалық тапсырмаларының орындалуын қадағалау мақсатында арнайы ақпараттық жүйе құрылғанын хабарлап, хаттамалық тапсырмаларға күнделікті жүргізілетін мониторинг қорытындысын ұсынды. Биылғы 8 айда 1180 хаттамалық тапсырма беріліп, 564-і орындалған, 296-сының орындалу мерзімі бар. Ал 48 тапсырма мерзімі өтіп орындалса, 109-ы ішінара орындалған және 154-і орындалмаған.

– Мен мәжіліс сайын тапсырмалардың мерзімінде әрі сапалы орындалуы керектігін үнемі айтып келемін. Дегенмен, орындаушылық тәртіпке қатысты бірқатар мәселе бар. Кейбір әкімдер мен басқарма басшылары тарапынан немқұрайлық байқалады. Биылғы 8

айда 82 мәжіліс өткізіліп, 1180 хаттамалық тапсырма берілген. Мәселен, бір Қызылорда қаласының өзінде облыс әкімінің 60-тан аса тапсырмасы орындалмаған. Қызылорда қаласының әкімдігінен орындаушылық мәселесіне келгенде бейжайлық байқалады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақ басшысы қала әкімінің облыс орталығына жаңа автобустарды әкелу мерзімін кешіктіргенін, инженерлік инфрақұрылым жүйелерін жаңғырту жұмыстарын баяу жүргізгенін қатаң сынға алды. Мұнан бөлек, жол құрылысы саласында да, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жұмысында да түйткілді мәселе көп.

Мысалы, Арал ауданының жолдарын жақсартуға басқа аудандармен салыстырғанда 6 есе артық қаржы бөлінген. Бірақ жұмыстар өз деңгейінде

атқарылмаған, қаражаттың мерзімінде әрі сапалы игерілмеу қаупі бар. Тұрғындар аудандық маңызы бар жолдардың басталып, аяқсыз қалғанына наразылық білдірді.

Дәл осындай түйткіл Қазалы ауданында да қалыптасқан. Жол және әлеуметтік нысандар құрылысының мерзімін кешіктірілуіне жол берілген.

Берілген тапсырмаларды өз деңгейінде және мерзімінде орындамағаны үшін Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетовке сөгіс, қала әкімі Асылбек Шәменов пен Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаевқа қатаң сөгіс жарияланды. Облыстық жолушылар көлігі және автокөлік жолдары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармаларының басшыларына ескерту берілді.

Жиынды қорытындылай келе, аймақ басшысы макро-экономикалық көрсеткіштерді сапалы орындау және бюджет қаражатын толық игеру қажеттігін тағы да қаперге салды. Басқарма басшыларына, қала, аудан әкімдеріне барлық деңгейдегі хаттамалық тапсырмалардың орындалуын қатаң бақылауға алу міндетін жүктеді.

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс VI сессиясы өтіп, оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

АУДАН ӘКІМДЕРІ САЙЛАНАДЫ

Мәслихат сессиясының күн тәртібінде Қызылорда облысы бойынша аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауын өткізу үшін пилоттық аудан және облыстық маңызы бар қалалардың тізбесін бекіту, сайлау өткізетін күнді белгілеу туралы екі мәселе қаралды.

Президент бастамасымен іске қосылған ауыл әкімдерін тікелей сайлау демократиялық үрдісінің қисынды жалғасы – аудан әкімдерін сайлау.

«Әкімдер сайлауы – Мемлекет басшысының басты реформаларының бірі. Өздеріңіз білетіндей, 2021 жылдан бері аудандық маңызы бар қала, кент және ауылдық округ әкімдерінің сайлауы жүйелі өткізіліп келеді. Екі жылда облыс бойынша 100 әкім сайлауы өткізіліп, нәтижесінде 54 әкім жаңадан сайланды.

Ендігі қадам – Мемлекет басшысы биылғы Жолдауда атап өткендей, аудан әкімдерінің пилоттық сайлауы.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес пилоттық өңірлердің тізбесін және аудан, облыстық маңызы бар қала әкімін сайлауды өткізу күнін белгілеу туралы мәслихаттың шешімі сайлау тағайындауға негіз болады.

Бүгін Сіздермен қабылданатын шешім халықтың билікке деген сенімін

күшейтуге және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Бұдан кейін, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық мәслихаттың депутаты А.Оңғарбаев ұсыныс енгізіп, сессияға қатысқан 23 депутаттың бірауыздан дауыс беруі арқылы, пилоттық сайлау өтетін аудандар айқындалды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстық мәслихаттың төрағасы Н.Байқадамов «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес аудан, облыстық маңызы бар қала әкімін сайлауды тиісті аумақтық сайлау комиссиясы мәслихаттың шешімімен белгіленген, аудан, облыстық маңызы бар қала әкімін сайлауды өткізетін күнге дейін кемінде елу күн бұрын тағайындайтындығын хабарлай отырып, сайлау күнін белгілеу бойынша ұсыныс енгізді.

Мәслихат шешімімен Шиелі және Сырдария аудандарында пилоттық аудан әкімінің сайлауы өтетіндігі айқындалып, сайлауды өткізу күні 2023 жылғы 5 қарашаға белгіленді.

«Ел тілегі» ақпарат

МӘМС

МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына күн сайын пациенттерден медициналық ұйымдарда көрсетілетін медициналық қызмет сапасына қатысты түрлі сұрақ келеді. Қордың негізгі міндеттерінің бірі - пациенттің құқығын қорғау. Осыған байланысты Қор сарапшылары медициналық көмектің сапасына мониторинг жүргізеді, сондай-ақ науқасқа не себептен қызмет көрсетілмегенін тексереді. Бұл туралы және жалпы МӘМС жүйесінде азаматтардың сақтандырылуын өзектендіру бойынша өңірдегі ахуал қандай екенін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов өз сұхбатында айтып берді.

Толық сұхбатты газетіміздің 3-бетінен оқи аласыздар.

МАУСЫМДЫҚ ЖҰМЫСТАР БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте жылу беру науқаны алдындағы және егін-терім кезіндегі маңызды мәселелер талқыланды.

Аймақ басшысы облыстық басқармалар мен қала, аудан әкімдіктерінің баяндамаларын тыңдап, алдағы міндеттерді белгіледі. Мәселен, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасына әлеуметтік нысандардың жылу беру маусымына дайындығын жіті бақылауда ұстап, қажетті отын қорын уақытылы жеткізуді тапсырды. Облыс орталығы мен елді мекендерді абаттандыру, көркейту және санитарлық тазалық күнделікті қадағалауды талап етеді. Егін алқаптарындағы жұмыс қарқынын еселеп, күршітті уақытылы әрі ысырапсыз жинап алу керек.

Нұрлыбек Машбекұлы өңірде салынып жатқан әлеуметтік нысандар мен жол құрылысына ерекше мән беріп, жұмыс сапасы мен мерзімін қатаң сақтау керек екенін қаперге салды.

Бүгінде Қызылорда облысының 85 жылдығы мен Қала күніне тарту етілетін нысандар құрылысы аяқталып қалды. «Неке сарайы», «Анаға тағзым» орталығы, көпқабатты үйлердің қасбетіндегі, аулалардағы жаңғыртулар, көшелердің кеңейтілуі жұртшылықтың көңіл-күйіне оң әсер еткені байқалады. Алда жұмыс қарқынын бәсеңдетпей, жоспарланған межеге жету үшін барлығы жіті қадағалауда болуы керек. Жиында берілген тапсырмалар облыс әкімі орынбасарларының бақылауында болады.

